

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Жұмасұлтанова Ғ., тар.ғ.к., саясаттану және әлеуметтану кафедрасының доценті
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Бұл мақалада қазіргі Қазақстанда қалыптасып отырған жалпыұлттық идеяға назар аударуда, автор сол жолда жасалған парадигмалық ізденістердің нәтижесінде «Мәңгілік ел» идеяның пайда болу себептеріне және оның ұлттық маңыздылығына тоқталады.

Кілт сөздер: болмыс, жаһандану, саяси жаңғыру, стратегия, парадигма, ұлттық идея, ұлттық бірлік

Бүгінгі күні біз Қазақстанды өзіндік бет-бейнесі, өз ұстанымы мен ерекшеліктері қалыптасқан табысты мемлекет деп сеніммен айта аламыз және өркениетті демократиялық дамудың дұрыс жолымен нық қадам басуда. Осы жағдайларда қалыптасқан мемлекетіміздің қазіргі мемлекеттік саясаты мен идеологиясының маңызды парадигмаларының бірі – барлық қазақстандық қоғамды сапалы өзгеруге, саяси-экономикалық болмысының деңгейін көтеруге жұмылдыруға бағытталған ұлттық идеяны қалыптастырудың қажеттілігі екендігі күмәнсіз.

Елбасы Н.Назарбаев 2012 жылғы желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауында айтқан ішкі және сыртқы саясаттың маңызды міндеттері контекстінде жоғарыда аталған мәселенің маңызы арта түседі. Бұл тарихи Жолдау еліміздің ұзақ мерзімді, атап айтқанда 2050 жылға дейінгі дамуының негізгі бағытын айқындап берді. Онда айтылған міндеттер, ең алдымен еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыру мәселелерімен және әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енуімен тығыз байланысты [1].

Қазақстанның XXI ғасырдағы даму стратегиясында қойылған міндеттерді іске асыру барлық қазақстандық қоғамды негізгі ұлттық идеяның құрамдас бөлігі болып табылатын қоғамдық даму идеясы мен парадигмасының төңірегіне біріктіруді талап етеді. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысының «Мәңгілік ел» секілді жолдауында белгілеп берген ұлттық идеясы Қазақстанның ғаламдық әлемге лайықты енуіне, еліміздің күрделі жаһандық процестерге тиімді қатысуына жәрдемдесетін болады. Сонымен қатар осы идеяның негізінде қазақстандық қоғамдағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім секілді мемлекетіміздің маңызды құндылықтары жатыр.

Барлық кезеңде шынайы әрі пәрменді ұлттық идеяны көтеру сол немесе өзге мемлекеттің халқын келешек үшін жаңа серпінмен жұмылдыру үшін қажет болғандығы адамзат тарихынан белгілі. Бірқатар отандық ғалымдар пікірінше «Бұл жүйе құраушы өркениетті феномен ретінде ұлттық идеяның өмір сүруінің жалғыз тарихи мәні мен негізін қалаушы болып табылады» [2; 4].

Ал қазіргі дәуірде Қазақстанның ұлттық идеясының негіздерін белгілеудің маңыздылығы мен қажеттілігіне күмән жоқ. Ұлттық идея болмаса өзінің болашаққа деген нақты идеясы саналатын мақсаты мен міндеттерін бекітуді қажет етпесе, мемлекет те болмайды.

Кез келген қоғамда ұлттық идеяның қажеттілігін сезіну проблемасы бірден пайда болмайды. Ол халықтың қалыптасуы мен дамуының логикалық нәтижесі болып табылады, яғни халықпен бірге қалыптасады және дамиды. Сонымен бірге оның қажеттілігін ұғыну деңгейі әрқашан қоғамның өсуі мен күш-жігерінің өлшемі болып табылады. Осы ретте, алдыңғы қатарлы отандық философтардың бірі А. Нысанбаевтың пікірімен санаспауға болмайды. Оның айтуынша: «Қоғамда дұрыс ұлттық идеяның болуы тәуелсіз Қазақстанның сапалы өсуінің маңызды шарты болып есептеледі» [3; 1].

Көптеген адамзат өркениетінің тарихи тәжірибесінен байқағанымыздай, қоғамда ұлттық идеяға деген қажеттіліктің болуы автоматты түрде оны қалыптастыруға әкелмейді. Мемлекет немесе билік ресурсы бар қандай да бір әлеуметтік топтың тарапынан не қоғам тарапынан оның қажеттілігін ұғыну жалпы алғанда, оны қалыптастыруға жәрдемдесетін маңызды шарт болып табылады. Дегенмен, ұлттық идеясы болу оған деген субъективті қажеттілікпен қаншалықты байланысты болса, қоғамда бар объективті жағдайлармен соншалықты байланысты. Яғни орыс ғалым И.Ильиннің сөзімен айтқанда, ұлттық идеяны «өзін-өзі қолдаушы қауымдастық» деп атауға болады [4; 128].

Егер ұлттық идея мен оның негіздерін қалыптастыру жағдайы туралы нақтырақ айтсақ, онда осы екі феномен әртүрлі даму кезеңдерінен халықпен бірге өтті десек қателеспейміз. Барлық тарихи даму кезеңінде қазақ халқы өзінің мықты мінезі мен артықшылықтарын көрсетті. Қазақтар әрқашан барлық қайғылы жағдайлар мен жоқшылықты қайсар мінезділікпен өтіп, қажымай, сағы сынбағандығын тарих дәлелдеп отыр. Олар өте қиын жағдайлардан жүдеушілікпен, жұтаңдықпен және шаршаңқы күйде өтсе де, сағы сынбай, адасқан жоқ.

Бүгінгі күні көптеген посткеңестік елдерде жақын және алыс келешекке арналған нақты іс-қимыл бағдарламасы секілді ұлттық идеяның болмауына негізделген терең идеологиялық дағдарыс байқалуда. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» бағдарламасын саяси элита тарапынан ұлттық идеяны көтеру тәсілі ретінде қарастыруға болады. Қоғам ұлттық идеяны діни және этникалық сипатта өзінің рухани түп-тамырынан алуды жөн көреді. Алайда, өзінің санғасырлық тарихын құрметтей отырып және оған деген ұлттық сын-абыройды сезіне отырып, жекелеген тұлғалар кей кездері одан қазіргі заманғы қатынастарды дамытуға және болашаққа арналған бағдарламаны жасауға ықпал ете алатын өзіне қажетті үлгілерді таба алмайды. Сәйкесінше, үлгі-мысалдарды іздестіру бағытын өткенге емес, қазіргіге бұру қажет. Бұл ретте өте дамыған қазіргі қоғамдағы ұлттық идеяны қалыптастыру тәжірибесін пайдалану маңызды.

Ұлттық идеяны қалыптастыру негіздерін толық түсіну әрі оның шарттарын айқындау үшін әлемдік тарихтан кейбір мысалдарды келтіруге болады.

Тарих тұрғысынан ұлттық қалыптасуы мен ұлттық идеяның көрініс табуы жөнінде революциядан кейін Францияға қатысты айтуға болады. Осы елде ұлттық идея ұлттың көбеюіне қатысты көрініс тауып қана қоймай, сонымен бірге елдің алдына Ұлы революция қойған психологиялық күрделі проблемаларды шешу тәсілі болып саналды. Қазіргі уақытта ұлттық идея Францияға керек болмайтындай күйде болғанымен, XVIII - XIX жүзжылдықтар бойына ұлы идеяларымен таңғалдырған халық – француздар өздерінің өзіндік ерекшелігін сезіну үшін әлі де болса идеялар сабақтастығын қажет етуде.

Уақыт өте келе француз қоғамы өзгерді. Олар жаңғыру кезеңінің психологиялық кедергілерін жойды және Францияны өзіндік ерекшелігі бар бейбіт, буржуазиялық көпбасшылық идеясына әкелген мүлдем басқа құндылықтармен өмір сүре бастады. Бұл Париждің ЕО-ны құру ісінде әуел бастан-ақ саяси басымдық берілуінен көрініс тапты. Және бүгінгі күні Еуроодақты кеңейту, мемлекеттердің интеграциялық топтарын құру бірінші кезекте, Франция ісі болып табылады, олар қазіргі уақытта өзінің ықпалын бүкіл әлемге таратуға ұмтылмайды, тек ұтымды түрде Еуропаның тұрмысын жақсартқысы келеді. Осылайша, «еркіндік, теңдік және бауырластық» қағидаттары негізінде еуропалық үйді құруды 200 жыл бұрын қалыптасқан Францияның ұлы ұлттық идеясының қайта жаңаруы деп санауға болады.

Дәл осындай жағдайды соғыстан кейінгі Жапониядан да байқауға болады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жарияланған жапондардың ұлттық идеясы ұлттың бірлігі мен ауызбіршілігіне негізделген және Жапонияның жаңаруына ғана ықпал етіп қоймай, сонымен бірге осы елдің әлемдегі экономикалық дамыған мемлекеттердің қатарына енуіне жәрдемдесті. Бұл ретте, жапондардың дәстүрлі жапон рухы идеясы мен батыстың жаңа технологиясы өте жақын әрі тартымды болды. Жапония икемді экономикалық жүйені құрып, дәстүрлі мәдени құндылықтары мен Батыстың либералды құндылықтарын біріктіре алды. Әйтсе де, олар үдемелі жаһандану жағдайында өздерінің этникалық біртектілігін сақтап қалды. Сонымен қатар Жапония Германия секілді соғыс салдарынан тезірек құтылып, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына енуге ұмтылды.

Сонымен қатар АҚШ-тың ұлттық идеяны қалыптастырудағы тәжірибесі де қызықтырарлықтай. Америкадағы тарихи даму кезеңінде «балқыту қазаны» теориясы жұмыс істеді. Осы теорияға сәйкес америкалық ұлт әртүрлі елден келген келімсектерді «қайта еріту» нәтижесінде топтастырылуы тиіс болатын. Ал америкалық ғалым С. Хантингтонның айтуынша, «америкалық ұлттық ұқсастықтың негізі ағылшындық-протестанттық мәдениет» болды. Сәйкесінше, америкалық ұлттық идея шамамен мынадай мәдени манифестті білдіреді: «талап-ұмтылыстардан бас тартпау керек, күрестен қашпау керек, өз мақсаттарыңды шектемеу керек, адам үшін кешірілмес нәрсе, ол сәтсіздік емес, төмен мақсат қою»[5; 16].

Әрине, әлемдік тәжірибеде ұлттық идеяның мемлекеттің жүйелі дамуына тигізетін ықпалы мен шешуші рөлі туралы көптеген үлгілер бар. Алайда, жоғарыда аталған мемлекеттерден алған мысалдардың өзінен олардың қайсысының болсын ұлттық идеясының дамуы тарихи миссия болып саналғандығын және елді нығайту, шоғырландыру міндеттерін атқарғандығын көруге болады. Сонымен бірге, осы мемлекеттердегі әртүрлі ұлттық идеялар кезінде біріктіруші идеяның тарихи рөлі мен сол не өзге елдің әлемдік масштабтағы миссиясы айқын көрінді және, сәйкесінше, сол кездегі ұрпақтың тарихи рөлі мен миссиясы сол біріккен елде өмір сүретіндігін дәлелдеді.

Жоғарыда келтірілген мысалдар негізінде мынадай мәселені көтеру заңдылық: аталған елдердің тәжірибесін Қазақстанның ұлттық идеясының қалыптасу процесінде қаншалықты дәрежеде қолдануға болады және оның негізінде не жатыр?

XIX ғасырдың соңында Қазақстан Ресейдің моноэтникалық ұлттық шеткері аймағы болғандығы бәрімізге белгілі. Қазақтар сол кезде ел халқының 87%-ын құрады. Қазір Ресей империясының

еуропалық бөлігінен крестьяндарды жаппай көшіру нәтижесінде, Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңінде Сталин тұсында халықты жаппай жер аудару, Хрущев кезіндегі жер игеру және Брежнев кезіндегі «жаңа этникалық қауымдастықты – кеңес халқын» құру жөніндегі экспериментке қатысу нәтижесінде еліміз полиэтностық мемлекетке айналды.

Осыған байланысты, бірқатар отандық ғалымдар қазақстандық полиэтностық қоғамда ұлттық идея қандай да бір этностың идеясы болуы мүмкін емес» дейді, «бірақ ұлттық идеяны көптеген этностардың ұлттық идеяларының жиынтығынан құрастыруға болмайды» [2; 6]. Дегенмен, бұл ретте осындай идеяның негізін не қалауы тиіс деген мәселені көтеруіміз қажет.

Осы сұраққа жауап беру үшін біздің мемлекетіміздің тарихына көз жүгірту керек. Әрбір мемлекетте өздерінің құндылықтары мен идеялары, өз дүниетанымы мен әлемдік құрылысқа қарым-қатынасы өмір сүреді. Әр халық өзінің даму тарихында белгілі бір ұлы идеялардың иесі болып табылады. Қазіргі Қазақстанның жалпыұлттық парадигмасының қалыптасуының негізін қалаған маңызды идея ретінде халық бірлігі идеясын айтуға болады.

Біздің елімізде халық бірлігі идеясы халқымен бірге әртүрлі кезеңдерді басынан кешірді. Президент Н.Назарбаев 2012 жылғы желтоқсандағы жыл сайынғы Жолдауында айтып өткендей, «Осыдан 3 ғасыр бұрын Аңырақайда болған ұлы шайқаста ата-бабаларымыз бірліктің құдіреті қандай боларын өзіне де, өзгеге де дәлелдеген. Сын сағатта туған елге деген перзенттік парызды бәрінен биік қоя білген. Сол шайқаста төгілген қан барша қазақтың тамырында бар. Бізді бір-бірімізбен біріктіретін де, бауыр ететін де бабалардың бостандық жолында төгілген осы қаны деп білемін. Елдік мұрат жолындағы ұлы ерлік әрқашан аталарымыздың бойынан табылған. Бабаларымыз тірі болу үшін бір болса, біз әрдайым ірі болу үшін бір болуымыз керек. Бейбіт күндегі белестерді бағындырып, алдағы сындардан сүрінбей өтеріміз, ең алдымен, өзімізге, бірлігіміз бен берекемізге байланысты» [1].

Бірлік идеясының тамыры тереңде. Бұл ретте, өткен орта ғасырда қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпаларының рухани және материалдық мәдениетінің тарихи ескерткіштері үлкен зерттеушілік құндылыққа ие. Көне түркілердің дүниетанымының негізгі мазмұнын көрсететін тарихи ескерткіштердің қатарында руна жазбалары ерекше маңызды орын алады. Біздің ғалымдардың пайымдауынша, көне түркі руна жазбаларының ең үлкен үлгісі Орхон, Толы және Селенгі өзендерінің бойындағы ескерткіштер болып табылады. Олар екінші Түркі қағанаты дәуірінде тұрғызылған (689-744г.г.) олардың ішінде аса танымалы – Білге қаған мен оның ағасы Күлтегіннің қолбасшысының құрметіне тұрғызылған ескерткіш-стелла.

Қазақстандық танымал философ М.Орынбековтің айтуынша, осы стелладағы жазбалар көне түркі жазбаларының эпикалық және жоғары поэтикалық тілінде жазылған. Сонымен қатар бұл жазбалардан түркілер үшін басшының даналығы мен халықтың бірлігі қаншалықты маңызды болғандығын білуге болады. «Когда вверху возникло голубое небо, а внизу - бурая земля, между ними обоими возникли сыны человеческие. Над сынами человеческими воссели мои предки! Четыре угла света были им врагами. Выступая в поход с войском, народы четырех углов света все они покорили. Они правили..., устанавливая порядок среди голубых тюрок, не имевших до того господина. Они были мудрые каганы, они были мужественные каганы; и их приказные были, надо думать, мудрыми, были, надо думать, мужественными; и их дети и народ были **единодушны**. Потому то надо думать, они и правили столь долго государством...» - деп айтылады осы жазбалардың бірінде. М.Орынбековтің еңбегінде былай делінеді, осындай тарихи дереккөздердің арқасында Түрік қағанатын халық қоғамды бірыңғай саяси ұйымдастыру эталоны ретінде қабылдады. Йолыг-тегіннің айтуынша, «идеалды» мемлекет дегеніміз: «Если ты, тюркский народ, не отделишься от своего кагана, от своих бегов, от своей родины, ты сам будешь жить счастливо, будешь находиться в своих домах, будешь жить беспечно» [6; 28].

Көне түркілердің әлеуметтік-саяси идеалы мен дүниетанымы сол дәуірдің негізгі мазмұнын көрсете білді, сол кезде басты құндылық халықтың бірлігі мен ауызбіршілігі идеясы болды. Осындай идея қазақ халқының көптеген ұрпақтарының санасында болды. Ұлттық сана-сезімі арқылы ұлттық идея пайда болады. Отандық ғалым Ж.Қыдыралынаның пікірінше, ол өзінің тарихи дамуын, сондай-ақ өзінің қазіргі және болашақтағы жеке өмірін ұлттың саналы түрде сезінуін қамтиды. Бұдан әрі Ж.Қыдырәлиа еңбегінде «ол (ұлттық идея) елдің, халықтың дамуының сол немесе өзге кезеңін сипаттайтын рухани атмосфераны кристалдау ретінде туындайды» [7; 274].

Тәуелсіз көпұлтты Қазақстанның тарихи дамуы барысында ұлттық идеяның жеке формуласын іздестіру барысында біздің ұлттық идея елдің болашағына бағытталуы тиіс болды. Ал оның мән-маңызын былайша сипаттауға болады: «Шыққан тегімізді ұмытпай, біз әрбір қазақстандықтың игілігі үшін мықты, өркендеуші әрі демократиялық Қазақстанды бірге құрамыз».

Ұлттық идеяны белгілеу процесінде біздің елімізде жалпыұлттық идеяны қалай қалыптастырамыз деген аса маңызды проблема болды. Және ол жекелеген этностардың ұлттық идеясына негізделмей, олардың ұлттық идеясының жиынтығына бағытталмауы тиіс. Қазақстанда ұлттық идеяны қалыптастырудың қиындығы барлық этностық топтардың мүмкіндіктерін, үміт-сенімдерін бір жерге топтастыруда және осындай кең ауқымды идеяларды бір жалпыұлттық идеяға айналдыруда болды.

Бүгінгі күні біздің ұлттық идеямыздың қандай болуы тиістігі жөніндегі пікірталасқа нүкте қойылды деп есептеуге болады. Бұл фактіні бүкіл Қазақстан болып мойындаймыз. Көрнекті ғалым, заң ғылымдарының докторы, академик, Қонаев атындағы гуманитарлық университеттің ректоры Әмрәлі Көпебаев өзінің бір сұхбатында: «20 жыл ішінде біз ұлттық идея туралы айттық, жазушылар, зиялық қауым, барлығы бізде қандай идея болу керектігі туралы айтты. Біздің Президентіміз өз жолдауында «Мәңгілік ел» идеясын көтерді. Бұл өзінің жанынан көптеген халықты жинаған мәңгі халық» [8].

«Мәңгілік Ел» идеясы біздің халықтың санғасырлық арман-мақсатына ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы дамуының нақты нәтижелеріне негізделген. Н.Назарбаев атап өткендей: «Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі» [9].

«Мәңгілік Елде» ғасырлар бойына қазақ халқының тарихи және рухани мұрасына айналған басты құндылықтар енгізілген. Сондықтан ұлттық идея біртұтас қазақстандық ұлтты қалыптастыру процесін қайталайтындығын айтуға құқығымыз бар деп санаймыз. Ол үшін қоғам бірлігі мен ауызбіршілігі идеясы өркениетті дамудың негізін қалайтын құндылықтар өлшемі болып саналады.

Бұл ретте, ресейлік зерттеуші А.А.Вальковтың пікірімен келіспесе болмас, сондай-ақ Ж.Қыдыралинаның «Ұлт пен тарих» еңбегінде де айтылады. Онда былай делінеді: «Дамудың ұлттық деңгейіне жеткен әрбір халықтың өзінің жеке идеясы, өзінің қайталанбайтын жеке рухани сәттері болады» [7; 274].

Бүгінгі күннің болмысы қазақ халқының тарихы барлық мемлекетпен барлық қазақстандықтардың жалпы тарихы болғандығының дәлелі. Ол өткенінде барлық қазақстандық халықты біріктірген ортақ өмір болды және оның болашақтағы бірлігінің кепілін қалыптастырды. Бұл өз кезегінде, қазіргі ұлттық идеяның негізін қалап, жалпы алғанда барлық қазақстандықтардың қажеттіліктері мен сұраныстарына жауап бере алады. Сондай-ақ қазақстандық қоғамның әртүрлі этностары мен топтарының басты қызығушылықтарын біріктірген элемент бола алды.

Бұған дәлел ретінде 2013 жылы ҚР БҒМ ҒК философия, саясаттану және дінтану институты жүргізген социологиялық зерттеу нәтижелерін айтуға болады. Аталған зерттеу деректері көрсеткендей, Раушан Шулембаеваның айтуынша, қазақстандықтар үшін оқшауланудың этникалық анклавтары мен басқа да түрлерінің моделі тиімсіз. Осы тұрғыдағы зерттеулерде былай делінген: «Қазақстан-2050» Стратегиясы, біздің еліміздің азаматтарының пікірінше, қазақтардың біріктіруші рөлі кезіндегі қоғамның бірлігіне бағытталған. Респонденттер ұлттық бірлікті қамтамасыз ету тек қана жергілікті ұлттың ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның барлық азаматтарының ісі деп атады. Ал бұл – азаматтық ұлтты қалыптастырудың, халықты біріктірудің басты факторларының бірі» [10].

Осылайша, біздің түсінігіміздегі бірлік пен ауызбіршілік идеясы, шындығында, Қазақстанның бүгінгі жалпыұлттық идеясының жаңа парадигмасында көтерілген негізгі тірек бола алады.

Ел Президенті ұсынған ұлттық идея формуласы Қазақстанда тұрып жатқан барлық ұлттардың салт-дәстүрін біріктіреді, себебі олар адамгершілік-рухани және идеялық қарым-қатынаста бағалы болып табылады. Бұл идея барлық Қазақстандықтарды қоғам мен халықтың өркендеуіне әкелетін саналы еңбекке, сондай-ақ Қазақстанның ХХІ ғасырдағы даму стратегиясында қойылған міндеттерді іске асыруға жұмылдырады. Біздің елімізде ұлттық идеяның негізін барлық қоғамды біріктіру және нығайту идеясы құрайды. Бұл тұрғыда ұлттық идеяның тарихи маңызы – ол бүкіл елді және барлық қазақстандық қоғамды Қазақстанның жаһандық әлемге лайықты ену міндеттерін шешу үшін жұмылдырудың нақты іс жүзіндегі механизмі бола алуында.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты/ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // 2012 жылғы 14 желтоқсан // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты /http://www.akorda.kz/
2. Ашимбаев М., Косиченко А., Нысанбаев А., Шоманов А. Национальная идея: предложение к обсуждению. // Analytic. – 2005. – №1.
3. Нысанбаев Ә. Ұлттық идея // Егемен Қазақстан. - 2005. - 25-наурыз.

4. Ильин И.А. Наши задачи. Статьи 1948-1954 гг.- М.: Мысль, 1996.
5. Хантингтон С. Кто мы? Вызовы американской национальной идентичности. - М., 2004.
6. Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы:ИД «Аркаим», 2001.
7. Кыдыралина Ж. Нация и история. – Астана:Елорда, 2009.
8. «Мәңгілік Ел» - идея которой суждено стать реальностью. 19 февраля 2014 / Агентство ХАБАР // http://khabar.kz/ru/view/obwestvo/page_61901
9. Назарбаев Н. Қазақстанжолы – 2050: Бір максат, бір мүдде, бір болашақ/Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстанхалқына Жолдауы// 2014жылғы 17 қаңтар// Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты /<http://www.akorda.kz/>
10. Шулембаева Р. Народное единство сквозь призму социологии // Казахстанская правда. – 2014. – 25 февраля. - №38/ <http://www.kazpravda.kz/ida.php?>

ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» И ЕЕ ОТРАЖЕНИЕ В ХУДОЖЕСТВЕННЫХ КОНЦЕПТАХ

Золотарева Л.Р., профессор кафедры изобразительного искусства и дизайна*;

Золотарева Я.А., зам. директора по учебной работе КГУ «Гимназия №38»**

*Қарағандық мемлекеттік университетінің атына Е.А. Букетованы

**КГУ «Гимназия №38»

г. Қарағанды, Республика Қазақстан

В статье рассматривается содержание национальной идеи «Мәңгілік Ел», обоснованной Президентом Казахстана Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым, и ее отражение в художественных концептах современного казахстанского изобразительного искусства.

Ключевые слова: национальная идея «Мәңгілік Ел», художественный концепт, история и национальная культура, дом, семья, молодежь, национальная философия, триумфальная арка, мемориальный комплекс.

Суть национальной идеи «Мәңгілік Ел». 17 января 2014 года Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев выступил с традиционным посланием народу страны: «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее». В этом документе Президент провозгласил национальную идею «Мәңгілік Ел»: «Мы, казахстанцы, единый народ! И общая для нас судьба – это наш Мәңгілік Ел, наш достойный и великий Казахстан! «Мәңгілік Ел» – это национальная идея нашего общеказахстанского дома, мечта наших предков. За 22 года суверенного развития созданы главные ценности, которые объединяют всех казахстанцев и составляют фундамент будущего нашей страны. Они взяты не из заоблачных теорий. Эти ценности – опыт Казахстанского Пути, выдержавший испытание временем». «Моя мечта и мысли о том, чтобы Казахстан существовал вечно».

«Семь принципов Мәңгілік Ел:

- Независимость Казахстана и Астана;
- Национальное единство, мир и согласие в нашем обществе;
- Светское общество и высокая духовность;
- Экономический рост на основе индустриализации и инноваций; Общество Всеобщего Труда;
- Общность истории, культуры и языка;
- Национальная безопасность и глобальное участие нашей страны в решении общемировых и региональных проблем.

Благодаря этим ценностям, мы всегда побеждали, укрепляли нашу страну, множили наши великие успехи. В этих государствообразующих, общенациональных ценностях заключается идейная основа Нового Казахстанского Патриотизма» [1].

Согласимся с доктором политических наук, профессором Г.Султанбаевой, которая подчеркнула, что корни этой идеи уходят в далекую древность. «Идея «Мәңгілік Ел» преподносит Казахстан не просто как страну, а как нацию, как единое целое. ...Несмотря на свою многонациональность, Казахстан сумел создать единую, общую идею. Это то, что мы искали всю жизнь» [2].

З.Шаукенова, директор Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки МОН РК, член научно-экспертного совета Ассамблеи народа Казахстана, член-корреспондент НАН РК, считает «Мәңгілік ел» проявлением глубокого философского смысла, живой истории, которая берет истоки из прошлого, трансформируется в будущее, при этом являясь настоящим. Как в известной восточной притче: прошлое – забыто, будущее – закрыто, настоящее – даровано. Идея